мектеп.

| | | Нысанның БҚСЖ бойынша коды<br>Код формы по ОКУД<br>КҰЖЖ бойынша ұйым коды<br>Код организации по ОКПО |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Денсаулық сақтау министрлігі<br>Министерство здравоохранения<br>Республики Казахстан | | Қазақстан Республикасының<br>Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы «20»<br>желтоқсан № 902 бұйрығымен бекітілген<br>199/е нысанды медициналық құжаттама |
| Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің<br>мемлекеттік органының атауы<br>Наименование государственного органа<br>санитарно-эпидемиологической службы | | Медицинская документация<br>Форма 199/у<br>Утверждена приказом Министра здравоохранения<br>Республики Казахстан « 20» декабря 2011 года<br>№ |

## Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
## Санитарно-эпидемиологическое заключение

№ 103

**«29» тамыз 2013 ж. ( г.)**

1.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза) **«Ярослав орта мектебі**

(пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, көліктердің және т.б. атауы)
(полное наименование объекта, отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности,работ, продукции, услуг, транспорт и т.д.)

Жүргізілді (Проведена) **өтініш 2013 жылғы 23. 08.**

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2.Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик (заявитель)) **Мектеп директоры С.М.Издинаның 23.08.2013 жылғы № 129 өтініші**

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы, мекен-жайы, телефоны, жетекшісінің Т.А.Ә.А
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность) , адрес/месторасположение объекта, телефон, Ф.И.О. руководителя)

3.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізілетін нысанның қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы) **жалпы білім беретін мектеп**

сала, кәйраткерлік ортасы, орналасқан орны, мекен-жайы

(вид деятельность)

4.Жобалар, материалдар дайындалды (Проекты, материалы разработаны (подготовлены)) **қажет емес**

5.Ұсынылған құжаттар (Представленные документы) **«Ярослав орта мектебі» директоры С.М.Издинаның 23.08.2013 жылғы №129 өтініші**

6.Өнімнің үлгілері ұсынылды (Представлены образцы продукции) **қажет емес**

7.Басқа ұйымдардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертное заключение других организации (если имеются)) **Берілген жоқ**

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8.Сараптама жүргізілетін нысанның толық санитариялық-гигиеналық сипаттамасы мен оған берілетін баға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции))

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын нысанның сипаттамасы (өлшемдері, ауданы, топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жерасты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғау аумағының өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігі және қоршаған орта мен халық денсаулығына тигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты)

**«Ярослав орта мектебі» ММ типтік жобамен салынған 3 қабатты ғимаратта орналасқан.**

Ғимараттардың айналасы толық қоршалған, абаттандырылған, жасыл желектендірілген.

Жылу жүйесі автономды 2 бу қазандығынан беріледі. Жарық жүйесі табиғи және жасанды, люминесценттік және жай шамдар арқылы, жеткілікті.

Мектеп едені қиыршықталған тас құйылған, жылыту негізінде жасалған линолеуммен төселген.

Мектепте спорт зал бар 1 қабатта орналасқан, спорт алаңы, стадионы бар.

Мектепте гимараттың 1 қабатында бастауыш сыныптар, медициналық кабинет, мектеп директорының орынбасарлары ! кабинеті , шеберханалар және асхана орналасқан.

2 қабатта жоғарғы класс оқушыларына арналған кабинеттер, директор кабинеті, информатика кабинеті математика пәніне арналған кабинеті орналасқан,

3 қабатта жоғарғы сынып оқушылары кабинеттері және кітапхана орналасқан.

Мектеп ғимаратының жалпы санитарлық – техникалық жағдайы қанағаттанарлықтай жағдайда.

Ауыз су жүйесі орталықтандырылған, 1 қабаттан тасып әкелінеді. Кәріздеу жүйесі бар, аула ішілік санитарлық қондырғыларының санитарлық-техникалық жағдайы қалыпты, ер және қыз балаларға арналған дәретханасына жөндеу жүргізілген. Мектепте оқушылардың жеке гигенасын сақтауға ыңғайлы қолжуғыштар жабдықталған.

Медициналық кабинеті мектеп ғимаратының 1 қабатында орналасқан, жалпы ауданы 18 шаршы метр 1 кабинеттен тұрады.

Штат саны бойынша 1 ставкамен 1 медбикесі ғана бар, мектеп медбикесімен тек мектеп оқушыларына алғашқы медициналық көмек көрсетіледі. Әрі қарай алдын-ала егілу шаралары , басқа медициналық мамандандырылған көмектер жергілікті медициналық пункітінің дәрігерлерімен жүргізіледі.

Медициналық пункттің жары сырланған, залалсыздандыру шараларына ыңғайландырылған, едені линолеумдер төселген, тегіс, тесігі жоқ. Жылуы автономды бу қазандығынан беріледі. Сулары тасымалды, осы жылдың күз мезгілі айларында су жүйесін кіргізу жоспарлануда. Әзірше мектеп ғимаратының 1 қабатынан тасылып алынады..

Медициналық кабинетте жарығы табиғи және жасанды, жеткілікті деңгейде.

Алғашқы медициналық көмек қобдишасымен жабдықталған, қажет дәрі – дәрмектермен қамтамасыз етілген.

Медициналық кабинетте келесідей жабдықтар орнатылған: кушетка, бой өлшейтін, салмақ өлшейтін құралдар, медициналық шкафтар орнатылған, биксетмен, лотоктармен жабдықталған, орындықпен жабдықталған. Әйнек қақпалы медициналық столы бар, тонометр бар, фонендоскоп, үлкен және кішкене бикстер, резеңке бұрама, инелері 2,05,0,10 грамдық жеткілікті, қысқыш, медициналық термометрлер, қайшы, резеңке жылытқыш, металл қалақшалар, кварц лампасы бар.

Медициналық құжаттары толық жүргізілген.

Зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізуге хлорамин қолданылуда.

Медбикесі балалар медбикесі ретінде білімін жетілдірген, сертификатталған маман, медициналық тексеруден өткен, санитарлық кітапшасы жұмыс орнында.

Жеке гигиена сақтауға орталықтандырылған қолжуғыш орнатылған, медициналық халатпен, 2 данада қамтамасыз етілген.

Асханасы бөлек бөлмеде орналасқан, едені кафелденген, тұрмыстық қыздыру және тоңазытқыш құралдармен қамтамасыз етілген, ыдыстары жеткілікті. Аспазшылары медициналық тексеруден өткен, жеке киімдермен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген. Тағамдарды турайтын тақтайшалармен пышақтардың сыртына белгі соғылған. Қолжуғыш орнатылған.

**Жуу құралдарына бөлме даярланған. Тұрмыстық қыздыру газ плитасы бар және тоңазытқыш құралдармен қамтамасыз етілген. Тоңазытқыш жұмыс жасайды. Тамақты даярлайтын стол жабдықталған.**

**Аспазшы медициналық тексеруден өткен, жеке киімдерімен жеткілікті түрде қамтамасыз етілген.**

**Мектепте жуу тазалау құралдары жеткілікті оларды сақтауға арнайы орын белгіленген. Жуу құралдары әр кабинетке жеке-жеке тағайындалған, белгілер соғылған. Тазалықшылары жұмыстарына арнайы киімдермен қамтамасыз етілген.**

**Мектепте темекі шегуге тиым салынған.**

**Тексеру кезінде санитарлық – химиялық зертханаға және бактериологиялық зертханаға су сынамасы алынды. Санитарлық нормаларға сай келеді, оң нәтиже анықталған жоқ.**

(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции (размеры, площади, вид грунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света))____________________________________________________________

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынақтардың хаттамалары, сонымен қатар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері (Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)____________________________________________________________

**Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды**
**Санитарно-эпидемиологическое заключение**

**«Ярослав орта мектебі» ҚР Үкіметінің 2011жылғы 30 желтоқсандағы №1684 Қаулысымен бекітілген «Балалар мен жас өспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының талаптарына сай келеді, жаңа оқу жылына дайын.**

(нысанның, шаруашылық жүргізуші субъектінің (керек-жарақ) пайдалануға берілетін немесе қайта жаңартылған нысандардың, жобалық құжаттардың, тіршілік ортасы факторларының, шаруашылық және басқа жұмыстардың, өнімнің, қызметтердің, автокөліктердің және т.б. толық атауы)

(полное наименование объекта, хозяйствующегосубъета (пренадлежность), отвод земельного участка под строительство, проектной документации, реконструкции или вводимого в эксплуатацию, факторов среды обитания, хозяйственной и иной деятельности,работ, продукции, услуг, автотранспорта и т.д.)

________________________________________________санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде ________________________________________________

на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы) Санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге (санитарным павилам и гигиеническим нормативам) сай немесе сай еместігін көрсетіңіз (соответствует или не соответствует)(нужное подчеркнуть)

Ұсыныстар (Предложения):**жоқ**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстың негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық ұйғарымның міндетті түрде күші бар

На основании Кодекса Республики Казахстан 18 сентября 2009 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» № 193-IV ЗРК настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

**Әйтекеби ауданының**
**Мемлекеттік санитариялық Бас дәрігері** **И.Аяганова**
(Главный государственный санитарный врач)

Место печати

**«Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты орта мектептерінің атауын ауыл атауымен сәйкестендіріп өзгерту туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 41, 42 баптарына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңының 6 бабы 4, 5 тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148-ІІ «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы №413 «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18, 125 бабына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты орта мектептерінің атауы қосымшаға сәйкес ауыл атауымен сәйкестендіріп өзгертілсін.
2. Қоса беріліп отырған коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің Жарғылары жаңа редакцияға сәйкес бекітілсін.
3. «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы және жалпы білім беретін орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің басшылары осы қаулыны орындау бойынша тиісті шараларын алсын:

1) Құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізілсін.

2) Аудандық Әділет басқармасында қайта тіркеуден өткізілсін;

3) Осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Мулькаевқа жүктелсін.

**М.Ибрашов**

Әйтеке би ауданы әкімдігінің
2018 жылғы «05» мамырындағы
№ 92 қаулысына қосымша

**«Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты орта мектептерінің атауын ауыл атауымен сәйкестендіріп өзгертетін мектептер тізімі**

| № | Ескі атауы | Жаңа атауы | Орта мектеп орналасқан елді мекен атауы |
|---|---|---|---|
| 1 | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Ақтасты ауылы |
| 2 | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Толыбай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Толыбай ауылы |
| 3 | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Северный жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Тереңсай жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Тереңсай ауылы |
| 4 | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты «Ярослав жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | «Әйтеке би аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жамбыл жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі | Жамбыл ауылы |